

Сапанов С.Ж.¹, Мұртаза А.Ш.², Шәріпқазы Н.³,

¹т.ғ.д., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: cefosh1@gmail.com

²әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: murtaza1@mail.ru

³магистр, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: nuriknaiman@mail.ru

**ТҮРКИЯНЫҢ ОРТА АЗИЯЛЫҚ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНЫҢ
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ВЕКТОРЫ**

Жаңа геосаяси жағдайда Орталық Азия аймағы жетекші державалардың, оның ішінде АҚШ, РФ, ЕО және Түркия сияқты аймақтық мемлекеттің қызығушылығын туғызуда. Қазіргі Түркияның Сирияға байланысты ұстанып отырған сыртқы саясатының төңірегіндегі пікірталастар оның сыртқы саясатының фундаменталды мәселелердің өзектілігін арттыруда. Осыған байланысты Анкараның Орталық Азия бағытындағы ұстамды және тұрақты сыртқы саясаты көңілге қонымды.

Мақалада Түркияның сыртқы саяси басымдылықтарының Орталық Азияға ауысуының стратегиялық мақсаттары анықталды.

Түйін сөздер: геосаясат, сыртқы саясат, аймақтық мүдде, стратегия, ғаламдық экспорт.

Sapanov S.Zh.¹, Murtaza A.Sh.², Sharipkazy N.³

¹doctor of historical sciences, al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: cefosh1@gmail.com

²al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: murtaza1@mail.ru

³master, al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: nuriknaiman@mail.ru

Strategic Vector of Turkey's Foreign Policy in Central Asia

Under the new geopolitical configuration in Central Asia, the region becomes attractive to leading actors in international relations such as the US, Russia, the EU and also for regional powers including Turkey. In the current situation around Turkey in the context of the aggravation of the situation in Syria, the poses are posed by the fundamental question of the driving forces and motives of Turkey's foreign policy. In this connection, the moderate, cooperation oriented on the basis of coinciding interests, implemented by Ankara in the Central Asian direction, attracts attention. The article examines the issues of Turkey's foreign policy and changes its foreign policy priorities towards Central Asia.

Key words: geopolitics, foreign policy, regional interests, strategy, global export.

Сапанов С.Ж.¹, Мұртаза А.Ш.², Шарипқазы Н.³

¹д.и.н., Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: cefosh1@gmail.com

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: murtaza1@mail.ru

³магистр, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: nuriknaiman@mail.ru

Стратегический вектор внешней политики Турции в Центральной Азии

В условиях новой геополитической конфигурации в Центральной Азии регион становится привлекательным для ведущих акторов международных отношений, таких как США, РФ, ЕС а также для региональных держав, в том числе и Турции. Современная ситуация вокруг Турции в условиях обострения ситуации в Сирии заставляет задаться фундаментальным вопросом о движущих силах и мотивах внешней политики Турции. В этой связи обращает на себя внимание умеренная, ориентированная на сотрудничество на основе совпадающих интересов политика, осуществляемая Анкарой на центрально-азиатском направлении. В статье рассматриваются вопросы внешней политики Турции и изменения ее внешнеполитических приоритетов в сторону Центральной Азии.

Ключевые слова: геополитика, внешняя политика, региональные интересы, стратегия, глобальный экспорт.

Кіріспе

Бүгінгі жаңа геосаяси жағдайда Орталық Азия /ОА/ геосаяси және геэкономикалық ерекшеліктеріне қарай әлемнің ірі мемлекеттерінің назарын аударған стратегиялық маңызды аймақ болып отыр. Бұл ең алдымен Орталық Азия аймағының географиялық, экономикалық, ұлттық, тарихи, мәдени және тағы басқа факторларының қызметіне сәйкес геосаяси және геэкономикалық жағынан өзіндік ерекшеліктеріне байланысты болып отыр. Мәселен, ОА географиялық жағынан батыстағы Европа мен шығыстағы Азияның, солтүстіктегі Ресей мен оңтүстіктегі ислам әлемінің тоғысқан жерінде орналасқан. Сондықтан да аймақтың стратегиялық маңызы өте зор.

Екіншіден, тікелей теңізге шыға алмайтын құрлық ортасындағы аймақ, әлемнің басқа аймақтарына тек көрші мемлекеттер арқылы ғана шыға алады, сондықтан көршілес елдермен байланыс орнатудың мәні қаншалықты зор екендігін айтпаса да түсінікті.

Үшіншіден аталмыш аймақ табиғи ресурстарға өте бай, оның ішінде әсіресе табиғи газ, мұнай, түсті металдар және басқа да пайдалы қазбалар көздері бар. Ауыл шаруашылығы саласында мақта, астық, көкөніс және тағы басқа экономикалық дақылдарды дамытудағы жағдайы айтарлықтай жақсы, сондықтан едәуір зор экономикалық әлеуетке ие.

Төртіншіден, ұлттық, діни, мәдени жағынан алғанда бұл аймақ өзіне тән ерекшеліктерге ие, түркі және ислам мәдениетімен дәстүрлі байланысы зор, оған қоса батыс пен шығыс мәдениеттерінің қосылған ықпалы да бар.

Негізгі бөлім

Геосаясат тұрғысынан алғанда – Түркия мемлекетінің қазіргі дамуы, әлемнің негізгі геосаяси күштерімен қарым-қатынасы стратегиялық маңызды мәселе және оның посткеңестіктегі қалыптасып отырған жағдайға байланысты саясаты да үлкен өзектілікке ие болуда. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев «әлемдік шаруашылық байланыстардың қазіргі заманғы даму бағыты «теңдік, ерікті және прагматикалық қызығушылық негізіндегі интеграционизм бұл – Еуразия үшін лайықты келешек, яғни тек сондай жағдайда ғана ол ХХІ ғасырдағы әлемдік экономика мен саясаттың жаһандық факторы бола алады» деген болатын (Назарбаев Н.Ә, 2003).

Орталық Азияға прагматикалық қызығушылық танытып отырған мемлекеттердің ішінде Түркия ХХІ ғасырдың басында өзгеріп жатқан әлемнің жаңа анықтылықтарына өзінің сыртқы саясатын бейімдеу жағдайында болып отыр. Түркия мемлекеті ОА байланысты өзінің жаңа сыртқы саяси концепциясын жариялады. Осы концепцияны жариялау барысында, Анкара өзінің сыртқы саясатын аймақта болып жатқан жағдайлармен тікелей байланыстыратынын анық байқатты. Түркияның «евразиялық екпіннің» пайда болуы, ең алдымен өзінің геосаясатымен тікелей байланыстырады.

Бүгінде Түркия әлемдік саясатқа ықпал ететін мемлекет болып табылады. Сондықтан, ОА мемлекеттері үшін Түркиямен саяси-экономикалық байланыстарды дамытудың маңыздылығы барған сайын артуда.

Мақалада қарастырылып отырған тақырыпқа ғылыми тұрғыда баға берудің тағы бір қажеттілігі – Түркияның ОА саяси және экономикалық мүдделерін айқындау болып табылады. Ал Қазақстан үшін Түркияның тәжірибесін зерттеу мен сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту маңызды болып отыр. Түркия үшін Орталық Азияға кірігуінің негізгі мақсаттарының бірі аймақтағы экономикалық қатынастарды дамыту мен өзінің саяси ықпалын күшейту болып табылады. Өйткені бүгінгі таңда халықаралық деңгейде қаржы дағдарысынан шығу, онымен күресу бір ғана мемлекеттің немесе аймақтық интеграциялық ұйымдардың қолынан келмейді. Орта Азия мемлекеттері 1991 жылдан өз тәуелсіздігін жариялағаннан бергі жылдар ішінде Түркиямен саяси, сауда-экономикалық, мәдени және дипломатиялық байланыстарда басым серіктес бола алды. Мәселен, экономикалық ынтымақтастықта энергетика, металлургиялық шикізат өңдеу мен өндірумен байланысты кәсіпорындар, құрылыс материалдарының өндірісімен айналысатын кәсіпорындарды атап өтуге болады. Оған қоса Орталық Азия Түркия товарларын пайдаланатын негізгі тұтыну нарығы болып отыр.

Түркияның ОА геосаясатындағы орны мен ролінің басым бағыттарын айқындау және олардың өзара ықпалдастық деңгейін талдау, тараптар арақатынасының болашақтағы дамуына баға беруге мүмкіндік береді. Мақалада Түркияның ОА қатысты ұстанған саясатының негізгі бағыттарын айқындауға талпыныс жасалады.

Тарихнамалық шолу Түркияның Орталық Азиядағы сыртқы саясат стратегиясын талдау отандық және шетелдік зерттеушілердің

нысаны болғаны белгілі, бірақ осы уақытқа дейін бұл тақырып комплексті түрде қарастырыла қоймаған.

Түркияның ОА мемлекеттерімен дипломатиялық қатынастарының дамуы және Түркияның Орталық Азиялық саясатына байланысты ХХ ғасырдың 90 жж. бастап ғылыми-дипломатиялық зерттеулер орын алған. Бүгінгі таңда ОА мемлекеттері мен Түркия арасындағы сыртқы саяси байланыстар кең аумақты саяси қызығу құралына айналып отыр. Түркияның сыртқы саясаты, оның ішінде Түркияның Орта Азиялық стратегиясы, аймақтағы түрік факторы көптеген зерттеушілердің еңбектеріне арқау болды.

Түркияға байланысты тарихнамада зерттеушілер үшін екі көзқарас тән. Олар кемалистік және исламистік бағыттағы түсінік. Бұл мәселелер Celik Y (Celik, Y, 1999), Yavuz H (Yavuz H, 1997: 61-68) т.б еңбектерінде қарастырылған. Түркияның аймақтық саясаты, оның ішінде Орталық Азия мен Европалық Одаққа байланысты пікірталас түрік зерттеушілері, ресейлік және отандық тюркологтардың басты назарында болып келді. Олардың қатарында (See also Ozen C. 1998), (Vardan Ö, 2009: 49-57), (Vardan Ö. 3, 2001: 38-51), (Шахинлер М. Кемализм, 1998), (Кунаков В, 1999), (Ульченко Н. Ю, 2004: 86-101), (Савельева А.В, 2003: 356-367), (Chislett W, 2010) т.б. атап өтуге болады. Зерттеу жұмысында пайдаланылған еңбектер қатарында алдымен Түрк республикасы мен Орталық Азия дипломаттарының еңбектерін айтуға болады. Олардың қатарына Түркия мемлекетін әр кездері басқарған мемлекет басшыларының (Т. Озал, С. Димерел) және ОА саяси басшылары (Н.Ә. Назарбаев, Тоқаев К.К, И. Рахмонов) кіреді. Бұл еңбектердің қатарында ҚР Президенті Н. Назарбаевтың еңбектерін ерекше атап өткен жөн. Олардың қатарында: «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы», «Ғасырлар тоғысында», «Сындарлы он жыл» атты еңбектері еліміздің егемен ел ретінде ішкі және сыртқы саясатын қалыптастырып, даму бағытын қарастырған. Оның ішінде Қазақ-түрік қатынастарының ынтымақтастығы, Қазақстанның бұл мемлекетпен өзара тиімді экономикалық, саяси, достық, әріптестік байланыстарды дамытудың қажеттілігі баяндалады. Қазақстанның егемен ел ретінде сыртқы саяси бағыттарын айқындауы, оның халықаралық қауымдастыққа толыққанды мүше ретінде кіруі және Қазақстан – Түрік дипломатиялық қатынастарын, ҚР Сенат төрағасы Қ. Тоқаевтың «Под стягом независимости»,

«Внешняя политика Казахстана в условиях глобализации», «Беласу» атты еңбектерінде қарастырылады.

Қ.К. Тоқаев еңбектерінде Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан бергі жүргізген сыртқы саясаты баяндалып, сыртқы саясаттың бағыттары, кезеңдері және басым жақтары қарастырылған. Соның ішінде Қазақстан мен Түркия дипломатиялық байланысына жалпы шолу жасай отырып, Қазақстан мен Түркия арасындағы байланыстарға, жекелеген салаларына талдау жасалынған.

Сонымен қатар мақалада қарастырылып отырған тақырыпты ашуда Ресейдің алғашқы президенті Б.Н. Елциннің, В.В. Путиннің, Д.А. Медведевтің әр кезде Түркияға байланысты БАҚ берген сұхбаттары арқау бола алады.

Түркия мен ОА арасындағы саяси-дипломатиялық байланыстар орта азиялық дипломаттар мен саяси қайраткерлердің де зерттеу еңбектерінің негізін құрайды. ОА дипломаттар өздерінің зерттеулерінде Түркия мен ОА мемлекеттерінің арасындағы екіжақты байланыстың қалыптасуы мен дамуын, экономикалық реформаларға баға бере отырып, олардың болашағы жөнінде сөз қозғайды. Орталық Азия мемлекеттері мен Түркия арасындағы өзара ынтымақтасты қарастыруға бірқатар Отандық Ғылыми зерттеу орталықтарының сараптамалары да арналған. Бұл еңбектерде кол жеткізген жетістіктерге талдау жасай отырып, ОА мемлекеттері мен Түркияның экономикалық даму және экономикалық салаларды реформалаудың ерекшеліктеріне, ортақ жақтарына баға беріледі. Түркияның сыртқы саяси бағыты мен Орталық Азия мемлекеттеріне қатысты жүргізген саясатына талдау жасауға бірқатар Ресей зерттеушілері мен ғалымдарының еңбектері арналған. Олардың ішінде Е. Примаков, М.С. Капица, В.А. Корсун, А.Д. Воскресенский, С.Г. Свешников, Ю. Песков, В. Лукин, В. Михеев, В. Кузнецов, Е.П. Бажанов сияқты зерттеушілерді атауға болады.

Отандық зерттеушілерге келетін болсақ, қазақстандық зерттеушілер Қазақстанның Түркиямен саяси, экономикалық, мәдени байланыстарына баса назар аударуда. Сонымен қатар, Қазақстан сыртқы саясатында мемлекеттік маңызы бар мәселелер турасында жазған белгілі тарихшы-ғалымдардың еңбектері де бар. Қазақстан мен Түркия қатынастары, аймақтағы ұлттық, аймақтық, саяси, экономикалық, әскери қауіпсіздігі, сонымен қатар Орталық Азиядағы геосаяси жағдай мен өңірдің әлемдік саясатта алатын орны сияқты мәселелер белгілі ғалым

Ө. Қасеновтің еңбектерінде қарастырылып, жан-жақты талдау жасалынған (Қасенов У. 1998: 280). Сонымен қатар, қазақстандық ғалымдар Түркия мен ОА мемлекеттер арасындағы екі жақтық қатынастар мен экономикалық байланыстарға да талдау жасайды. Мәселен, қазақстандық зерттеуші М. Лаумулиннің (Лаумулин М.Т.) бірқатар басылымы Қазақстан мен Түркия, Орталық Азиядағы геосаясатқа, Ресей мен Түркия қарым-қатынасы тұрғысындағы батыс зерттеушілерінің, әсіресе еуропалық зерттеушілердің, көзқарасын баяндайды. Ол Орталық Азиядағы Түркия саясаты туралы америкалық зерттеушілердің Г. Фуллер, Дж. Гинсбург, Ч. Анделенд, Н. Платт, М. Олкотт және т.б. еңбектеріне сараптама жасайды.

«Халықаралық қатынастардағы түрік факторы», – деп атауға болатын зерттеушілердің еңбектері зерттеу жұмысының тақырыбын ашуда пайдаланылды. Онда Түркияның әлемдік мәселелерге және осыған байланысты Түркиядағы саяси партиялардың ролі мен ықпалы көрсетіліп, «жаңа әлемдік тәртіптің» қалыптасып дамуына байланысты кейбір факторлар ашылған. Орталық Азия геосаясатындағы Түркияның ролі мәселелері әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қожа Ахмет Яссауи атындағы Қазақ – Түрік университеті жанындағы «Евразия ғылыми-зерттеу институтының» ғалымдарының еңбектерінде атап өту керек. Сонымен бірге мақалада түрік ғалымдары мен зерттеушілерінің еңбектері де кеңінен пайдаланылды. Түрік зерттеушілер ОА мемлекеттері мен Түркия арасындағы байланыстардың жаңа кезеңдегі барлық салалардағы ынтымақтастығына жалпылама әрі жеке-жеке сипаттама берген. Кейбір еңбектер Кеңес Одағы ыдырағаннан бұрынғы кезеңдегі қарым-қатынастарға арналған.

Әдістеме. Мақалада қарастырылып отырған тақырыптың теориялық негізін отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми қорытындылары құрайды. Мақала тарихи оқиғаларға және сансаладағы мемлекетаралық құжаттарды жинақтау, талдау мен сараптау әдістері қолданылды. Сонымен қатар кеңінен қолданылатын тарихи-салыстырмалы және жүйелеу әдістері де зерттеу тақырыбына арқау болды. Бұл әдістер ОА геосаясаттағы Түркияның ролі мен орнын жүйелі түрде айқындауға мүмкіндік береді.

Халықаралық қатынастар теориясында зерттеу жұмысын ғылыми негізде жүйелеп, оның нәтижесін шығару үшін, сол арқылы баяндау, талдау және болжау түрінде негізгі мақсаттарға қол жеткізу үшін ғалымдар әртүрлі әдістерді

зерттеген. Сыртқы саясаттағы шешім қабылдау мен оны жүзеге асыруда батыс зерттеушілері, әсіресе еуропалық және түрік саясаттанушылары өз үлестерін қосқан. Олар зерттеудің билікті элиталық, плюралистік, ұйымдастырушылық-құрылымдық, рационалды, бюрократиялық-саяси модельдерін ұсынып, сыртқы саясат пен халықаралық қатынастарды зерттеу мен талдаудың көптеген әдістемелерін дамытқан.

1. Орталық Азиядағы жаңа геосаяси конфигурация. XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басы әлемдегі ретті түбегейлі өзгеріске ұшыратты. «Қырғи-қабақ соғыс» аяқталып, Социалистік және Капиталистік «лагерлердің» өзара қарсыласуы өткен күнге бет бұрды. Біртіндеп, жаңа әлемдік тәртіп қалыптасып, осыған орай Орталық Азия мемлекеттерінің жаңа әлемде өзінің саяси ролін арттыруға мүмкіндігі туды.

Бүгінгі таңдағы Орталық Азияда қалыптасып жатқан геосаяси жағдайды түсіну үшін баспасөз беттеріндегі саяси пікірталастарында, экономикалық топтардағы, сондай-ақ қоғамның қалың қатпарларындағы талқыланып жататын идеялардың мазмұнына мұқият талдау жасау қажет. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев 1993 жылы «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» деген еңбегінде: «Қазақстан бұрынғы империяның көлеңкесіндегі бас сауғалап келген өмірден түбегейлі және түпкілікті бас тартып, нарықтық экономикасы әлеуметтік бағытталған және жаңа принципті түрдегі қоғамдық қарым-қатынастарға негізделген күшті егемен мемлекетті құруға кірісті. Саяси жүйе мен мемлекеттік құрылыс түбегейлі түрде өзгеріп келе жатқаны, республиканың демократиялық бағытқа, халықаралық нормалар мен принциптерге адалдығы айқын. Біз құрып жатқан қоғамның ең жоғары құндылығы – адам, бүкіл өзгерістердің бәрі сол үшін, соның игілігі үшін жасалып жатыр. Адамдардың заң жүзінде құқықтары мен бостандықтарының кепілдігі қамтамасыз етілген, топтасу, адамгершілік, ұлтаралық келісім, барлық ұлттар мен ұлыстардың теңдігі идеялары негізделген» – деп атап көрсеткен болатын (Назарбаев Н.Ә).

Бұл – сайып келгенде реформаларды дәйекті түрде жүзеге асырудың берік негізі. Алайда, саяси және экономикалық жүйелердің ауысуына байланысты қоғамдық санада өзгерістер өздігінен болады деу сенімсіз болар еді. Бұл құбылыстың өзі айтарлықтай елеулі әрі күрделі, өйткені әлеуметтік өмірдің терең процестерімен, дүниетанымдық тағылымдардың өзгерістерімен, психологиялық таптаурындармен, сонымен бірге

қоғам өмірімен, әрбір адам тұрмысының салтымен байланысты. Әрі бүгінгі таңда біздің бәрімізге қос ауыртпалық түскен тәрізді: экономика мен қоғам өткен мен болашақтың ортасында сияқты, артқа қайырылар жол жоқ екенін біле отырып, біз шаруашылық жүргізу жүйесінің, ғылымның, мәдениеттің, білімнің, рухани өмірдің бүгінгі таңда өткеннің сарқыншағынан арыла алмай отырғанын мойындауға тиіспіз.

Президенттің пікірінше, қазіргі кезде КСРО-ның ыдырауын біреулер белгілі бір тұлғалардан көрсе, ендібіреулер АҚШ-тың барлаушы ұйымдарынан көреді. Бірақ оның ыдырау себептері жетерлік, солардың негізгілері КСРО-ның жүргізген сыртқы саясатымен тікелей байланысты.

Ел басы осы дағдарысқа байланысты өз пікірін былайша білдірген болатын: «.....Бұл – экономикалық, саяси, ұлттық, экологиялық дағдарыс. Қоғамдық жүйелер тиімділігінің түйінді өлшемі – бұл экономикалық тиімділік. Осы өлшем бойынша орталықтандырылған жоспарлы экономика, сайып келгенде, нарықтық экономикадан жеңіліс тапты....» (Назарбаев Н.Ә., 2001: 294).

XX ғасырдың аяғы, дәлірек айтсақ, 90-шы жылдардың басы Орталық Азия республикалары үшін ғана емес, сонымен бірге кезінде Кеңес Одағын құраған республикалар үшін де тарихи бетбұрысты кезең болды. Социалистік тәртіп орнатып келген дүниежүзінің ірі державасы Кеңес Одағы ыдырап, 70 жыл бойы орталыққа бағынған республикалар тәуелсіз мемлекеттер статусына ие болды. Әрине, алғашқы егемендік алған республикалар үшін жеке-дара мемлекет ретінде өзінің ішкі және сыртқы саяси бағыттарын белгілеп, әрі қарай өздігінше аяқ алып жүруі оңай іс емес екендігі айдан анық. Бірақ Орталық Азия елдері халықаралық істерге белсене араласа отырып, халықаралық ұйымдарға мүше болып, дүниежүзілік қоғамдастықтың тең құқықты мүшесіне айналды. Бүгінде әлемнің көптеген мемлекеттері мен саяси, экономикалық күштер назары осы аймаққа аударылған.

КСРО алып мемлекет ретінде тарих сахнасынан кеткен соң, оның орнында қалған республикалар, оның ішінде Орталық Азия елдері де тәуелсіздіктерін жариялап, егемен ел ретінде халықаралық қауымдастықтан өздеріне тиесілі орындарын алуға тырысты. 1991 жылдың аяғында бірінен соң бірі әлемге өздерінің тәуелсіздігі туралы жариялады. Сол жылы желтоқсан айының басында КСРО-ның іс жүзінде ыдырауы туралы Беловеж келісіміне қол қойылып, айдың соңында Алматыда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының пайда болғаны жөнінде

келісім дүниеге келеді. Орталық Азия республикаларының тәуелсіздігін алғашқылардың қатарында болып Түркия, Ресей, Қытай және АҚШ мойындады.

Тәуелсіздік алған бес мемлекеттің әлеуметтік-саяси жағдайы, экономикалық дамуы бірдей деңгейде болды. Ал жеке-дара мемлекет ретінде өмір сүре бастаған кезде Орталық Азия республикалары өзіндік даму жолын тандап, олардың әрқайсысының ұстанған саяси бағыты әртүрлі болды. Мысалы, Түркменстан ешкімге қосылмайтын бейтараптық саясатты тандап, оқшауланып алды. Тәжікстанда мемлекет ішіндегі топаралық тартыстардың салдарынан 5 жылдан аса уақытқа созылған азамат соғысы басталып кетті. Қазақстан көптармақты сыртқы саясатты ұстана отырып, әлем елдерімен тең құқықты ынтымақтастықты дамытуға бет алды. Сонымен бірге орталықтан басқарылған мемлекет құрамында болып келген 5 республика үшін өзара шаруашылық байланыстардың үзілуі салдарынан болған экономикалық дағдарыстан шығудың жолдарын да іздестіру қажет болды. Дәл осындай жағдайда Орталық Азия елдерінің шикізат пен табиғи ресурстарға бай болуы, олардың геосаяси жағдайы әлемдік экономикалық қатынастарға кірігуіне мол мүмкіндіктер туғызды.

Кеңес Одағының құрамында болған кезде Орталық Азия елдерінің басқа да одақтас республикалар сияқты шет мемлекеттермен байланыстары орталықпен басқарылып, сыртқы саяси қайраткерлігі өте шектеулі болды. Ал тәуелсіздік алғаннан соң сыртқы саясат жүргізу ісінде дербестікке қол жеткізіліп, алыс-жақын шет елдермен жан-жақты ынтымақтастықты орната бастады. Көптеген қолайлы факторларға сәйкес, әлемнің ірі мемлекеттерінің осы аймаққа деген назары ерекше ауып, Орталық Азия аймағы әлемдік саясаттың белсенді қатысушысына айналды. Бүгінгі таңда Орталық Азия АҚШ, Қытай, Ресей, Түркия, Иран және Үндістан сияқты мемлекеттердің мүдделері қақтығысқан өңірге айналған. 1990 жылдары бұл аймақта ірі мемлекеттер негізінен экономикалық мүддені көздеген болса, XXI ғасырдың басынан бастап экономикалық мүдде саяси мүддеге ауысқандай.

КСРО ыдырағаннан кейін Орталық Азия ұлы державалар ғана емес, сондай-ақ орташа деңгейдегі аймақтық «күш орталықтары» қатысқан жаңа «үлкен ойынның» сахнасына айналды. Егер XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында негізгі ойыншылар Ресей және Британ империялары болса, енді Ресей Федерациясы, АҚШ,

Қытай, Түркия, Иран, Үндістан, Пәкістан, Сауд Арабиясы, сонымен қатар Еуропалық мемлекеттер де белгілі дәрежеде қатысады.

Орталық Азия елдерімен саяси және экономикалық байланыстарды Түркия, Иран, Үндістан, Пәкістан, Жапония, Еуропалық Одақ мемлекеттері де дамытуда. Бірақ бұл аталған мемлекеттердің Орталық Азия аймағындағы қатысуында үш алпауыт – АҚШ, Ресей, Қытайдың бәсекелестігі сияқты тайталас айтарлықтай байқалмайды. Ынтымақтастығының басында өзінің діни дүниетанымын уағыздай отырып, Орталық Азия елдеріне идеологиялық басым көрсеткісі келген Иран өз мақсатын іске асыра алмады. Сөйтіп, өзара байланыстарды тек тиімділік негізінде ғана құра бастады. Иран Орталық Азия үшін Парсы шығанағына шығудың жолы болып табылады, бұл мақсат жүзеге асты да. 1996 жылы Түркменстанның теміржол магистралін Ирандықімен байланыстырған Мешхед-Теджен-Серахс теміржол торабы салынып бітті.

Түркияның Орталық Азия республикаларымен этникалық, тілдік және мәдени жақындығы оның алғашқылардың бірі болып аймақтың белсенді қатысушысына айналдырды. Түркиямен бүгінгі таңда сан-саладағы ынтымақтастық дамуда. Ол ең алдымен, сауда-экономикалық, транспорт, оқу-ағарту, туризм салаларында көрінеді. Бұл мәселе біздің зерттеу жұмысымыздың арқауы болмақ.

Жалпы алғанда, Орталық Азия елдері тәуелсіздік алғаннан соң әлемнің ірі державаларымен қатар, әлеуеті жағынан төмендеу мемлекеттермен де жан-жақты байланыстарды дамытуда. Бүгінгі ғаламдасу заманының талаптары да екіжақты және көпжақты, мемлекетаралық және аймақаралық байланыстарды дамытуды, әлем елдері мен өңірлері арасындағы интеграциялық процестерді алға бастыруды, ортақ қауіп-қатерлермен бірлесіп күресуді қажет етеді. Әйтсе де ғаламдасудың талаптарына сай әрекет ету, ірі мемлекеттердің аймақтағы белсенді қатысуына жол беріп, олардың әскери, саяси ықпалын күшейту Орталық Азия елдерінің мемлекеттік мүддесіне, олардың егемендікті нығайтудағы талпыныстарына нұқсан келтірмесе болғаны. Әйткені экономикалық дамудың әлі де болса төменгі деңгейіндегі, қарулы күштері де әлсіз Орталық Азия үшін халықаралық қатынастарда тек дәйекті де тиімді саясатты ұстанғаны абзал.

2. Түркияның әлемдік саясаттағы жаңа орны мен ролі

Қазіргі халықаралық қатынастарда Түр-

кия географиялық, экономикалық және саяси факторларына байланысты геосаяси, геоэкономикалық және геостратегиялық жағынан маңызды акторға айналууда. Түркияның халықаралық қатынастарының маңызды геосаяси факторға айналуының бірнеше себептері бар.

Біріншіден, географиялық жағынан батысында – Еуропамен, солтүстігінде – Сирия, шығысында – Иран мен Ирак, солтүстік-шығысында Армения мен Грузиямен мемлекеттерімен тоғысқан жерінде орналасқан. Сондықтан да аймақтың стратегиялық маңызы өте зор. Екіншіден, Түркия туризм мен ауыл шаруашылығы саласында мақта, көкөніс және тағы басқа экономикалық дақылдарды дамытудағы жағдайы айтарлықтай жақсы, сондықтан едәуір зор экономикалық потенциалға ие. Үшіншіден, ұлттық, діни, мәдени жағынан алғанда Түркия өзіне тән ерекшеліктерге ие, түркі және ислам мәдениетімен дәстүрлі байланысы зор, оған қоса батыс пен шығыс мәдениеттерінің синтезі ретінде де ықпалы бар. Жиырмамыншы ғасырдың аяғындағы әлемдік дамудағы өзгерістер, оның ішінде КСРО-ның ыдырауы Түркия үшін де маңызды тарихи бетбұрысты кезең болды.

Түркия қазіргі кезде 70 миллион халқы бар ірі мемлекет. Батыс сарапшыларының пікірінше, Түркияның шиеленісті аймақта орналасса да, экономикалық зор жетістіктерге жеткенін, бірақ бұл елде секуляризмнің орнын исламшылдық басып келе жатқанын жазады. «Соңғы 10 жылдың ішінде Түркия зор табысқа жетті, ел экономикасы жылдам өсіп, әлеуметтік теңсіздік азайды, инновация жолға қойылды» деп жазады АҚШ-тың Колумбия университетінің профессоры, ғаламдық даму мәселелері жөніндегі маман (Джеффри Сакс, 2012: 58).

Түркияның батысында – еуроаймақтағы экономикалық дағдарыстың кіндігі саналатын Кипр мен Грекия, оңтүстігінде – отқа оранған Сирия, шығысында – Иран мен Ирак, солтүстік-шығысында Армения мен Грузия жатыр. Азаматтық соғыстан зәрезап болған 400 мыңға жуық босқын қазірдің өзінде Түркия жеріне өтіп кеткен. Сарапшының айтуынша, осындай мазасыз елдердің дәл ортасында болғанына қарамастан, Түркияның экономикасы қарыштап дамып барады. Мамандардың пікірінше, 2002 жылдан бері ел экономикасы жыл сайын 5 пайызға өсіп отырған. Төңірегі отқа оранып жатқанда Түркияда бейбіт заман орнаған. 2000-2001 жылдардағы дағдарысты бастан өткерген түрік банктері соңғы экономикалық дүрбелеңде көп зардап шеге қойған жоқ. Қазіргі үкімет үш сайлауда қатарынан

айқын басымдықпен жеңіске жетіп отырды. Түркия көршілері сияқты табиғат ресурстарына бай болмаса да, өз тарапынынан өнеркәсіп пен қызмет көрсету саласын жоғары деңгейге көтере білу арқылы туризмді мықтап дамытып, саяхатшылар үшін ең тартымды елдердің біріне айналды. Соның арқасында 2012 жылдың өзінде елге 36 миллион турист келген. Сараптама авторының жазуынша, елдің инфрақұрылымы шетелдіктерді сүйсіндіретіндей жоғары деңгейде. Заманауи инжиниринг үлгілерінің көбі ел ішінде жасалған. Түркияның құрылыс компаниялары Таяу Шығыс пен Африка елдерін жайлап алған. Мұнда білім сапасы да жоғары деңгейде. Анкара Африка мен Азия елдерінен студенттер мыңдап келетін қалаға айналған. Елдегі университеттер авиациялық электроника, ақпараттық технология сияқты салаларда маман даярлауға ден қойып жатыр.

Сонымен бірге, Түркиядағы қоқысты қайта өңдеу технологиясына ерекше мән берген. Ғалымның айтуынша, мұндағы қоқыс технологиясы қазір әлемнің назарын аударып отыр. Мұнда қоқыс қайта өңделетін және органикалық қоқыс болып екіге жіктеледі. Органикалық қоқыс тыңайтқышқа және метанға айналдырылады да, одан электр энергиясы өндіріледі. Ғаламдық экспорт ауқаттылар тұратын Батыстан қашып, Азия мен Африкаға қарай ойысып жатқан тұста өнеркәсібі мен құрылысы инновацияға негізделген Түркия таптырмас нарыққа айналып отыр. Сарапшының айтуынша, Түркия бұл мүмкіндікті қалт жіберген жоқ және бұл үдеріс жалғаса бермек. Америкалық сарапшының айтуынша, Түркияның мұндай жетістіктерге жетуінің себебі Президент Режеп Тайып Ердоған оның үкіметінің қаржыгерлер тобының экономикалық саясатында жатыр. Мәселен, банк секторындағы дүрбелеңнің соңын ала, алмағайып заманда билікке келген Ердоған-Бабажан тандемі банк саласын қайта құру, бюджеттік бақылауды күшейту, инфрақұрылым, білім беру, денсаулық сақтау және технология салаларына инвестиция салу стратегиясын таңдады. Қазіргі халықаралық қатынастардағы Анкараның дипломатиялық қабілеттілігін де атап өту керек. Қайшылыққа толы әлемде Түркия салмақты саяси ұстанымды таңдай алды. Анкара көршілеріне мүмкіндігінше ашық есік саясатын ұстанып, теңгермелі дипломатияға сүйенді. Алайда ішкі теңгеріммен қоса нарықты «жаулау», серіктестерін геосаяси тұрғыдан бөлшектеуден қорғау саясатын да ұмытқан жоқ.

Халықаралық саясаттағы сарапшылар Түркияның жетістіктерін жоғары бағалай келе,

оның келеңсіз жайттарына баға береді. Олардың қатарында Еуроаймақтағы экономикалық дағдарыс, Сирия, Ирак, Иран, соңғы кездегі РФ қатынастары, әлемдегі мұнай бағасының өзгеруі – барлығы Анкарадағы тұрақсыздыққа түрткі болуда. Жаңа қаржылық дағдарыс капитал ағымына тосқауыл қоюы ықтимал. Түркияның өзінің ішкі мәселелері де сарапшыларды алаңдатып отыр. Ондай мәселенің бірі әйелдер арасында білім сапасын көтеру қажеттігі мен күрттік сепаратизм. Үкімет білім саласындағы мәселелердің бар екенін мойындап, мектептерге реформа жасайтынын, онда ақпараттық технологияларды енгізетінін мәлімдеді. Түркияның жетістігі – тек үкіметтің сауатты экономикалық саясаты ғана емес, Осман заманынан келе жатқан тарихи алғы шарттардың да арқасы. Сонда да Түркиядан көп нәрсені үйренуге болады.

Ал Ұлыбритания сарапшылары Түркия біртіндеп діни мемлекетке айналып барады деген пікірде. Оған дәлел – Түркияда қабылданған алкоголь өнімдерінің жарнамасына тыйым салу туралы заң. «Туристер келетін аймақтарда шарап пен ликерді табуға болады. Бірақ түрік секуляризмінің жақтастары болашақта тәртіп бұдан да қатандай түседі деп қобалжуда. Түркия Президенті Режеп Тайып Ердоғанды зайырлы демократияның жақтасы етіп көрсететін артықшылықтарын тізбелей келе, сарапшылар оның экономикалық жетістіктерін ерекше атайды. Сонымен қатар Ердоғанның Сириядағы көтерілісшілерге қару-жарақ пен азық-түлік жеткізуге кепілдік бола алатын маңызды рөлі де көрсетіледі. Бірақ сарапшылардың пікірінше Түркияда исламизм Еуразия кіндігіне дендеп еніп келе жатыр деп атап өтуде. Алкоголь жарнамасына тыйым салу Түркияның Еуропа Одағына (ЕО) жақындау саясатымен үйлеспейді, яғни Ердоған ЕО-дан алшақтау арқылы әккілік жасап отыр. Идеологиялық тұрғыдан қарағанда бұл заң осының алдында қабылданған әйелдерге орамал тағуды /хиджап/ міндеттейтін ережемен және либерал интеллигенция өкілдерін дінсіздігі үшін қудалау әрекеттерімен үндес келеді. Саяси тұрғыдан алып қарағанда, бұл Ердоғанның өз партиясындағы әсіре діншілдерді сабасына түсіру саясаты болуы мүмкін. Алайда оның партия ішіндегі күш-беделін ескерер болсақ, мұндай шараның қажеттігі де жоқ. Түркияның Батыстағы одақтастары үшін ең ауыры – ол өзі жақтайтындықтан, діни радикалдардың қолтығына су бүркіп отыруы ықтимал – деп баға беруде. Бүгінгі таңда Түркия статистика ұйымы таза мемлекеттік кірістің 2016 жылғы екінші ширек

нәтижелерін жариялады. Түркия экономикасы осы жылдың екінші ширегінде 4,4 пайыз үлкейді. Таза мемлекеттік кіріс те екінші ширекте кемшілік бағалармен 385 миллиард 113 миллион доллар болды. Халықтың тұтыну жұмсаулары тұрақты бағалар бойынша 5,3 пайыздық артумен 19 миллион 769 мың лира болды. Санақтарды бағаландырған Қаржы министрі Мехмет Шимшектің пікірінше осы жылдың екінші ширегіне қарағанымызда экономиканың үлкейгенін және мемлекет іші талаптың үлкеюге қосқан үлесінің жалғасқанын байқаудамыз, - деді (17). Ал, экономика министрі Зафер Чағлаян пікірінше 15 ширектен бері үздіксіз бір үлкею бар. 2016 жылы өткен жылғы 2,2 пайыздық үлкеюден тіпті жоғарғы деңгейде үлкейеміз, деп атап өтті. Түркияның жаңа әлемдік саясаттағы өсіп отырған ролін, оның түркітілдес мемлекеттермен ынтымақтастығынан да айқын көрінеді.

3. Түркияның Орталық Азиядағы геосаяси мүдделері мен негізгі кезеңдері. Қазіргі кездегі қалыптасып отырған жаңа геосаясатта Түркия мемлекеті өзінің сыртқы саясат жүргізу жолдарының әдістерін біршама қайта қарау қажеттігін түсінді. Оның себебі, егерде бұрынғы уақытта жаһандық сипаттағы мәселелерді шешуде бірінші орында әскери мәселелер тұрса, бүгінде көптеген саяси-экономикалық және басқа да жаһандық маңызы бар мәселелерді шешуде әскери күшсіз, экономикалық күш пен әр түрлі жаңа технологиялардың қолданылуымен шешіледі. Әрине бұл салада Түркия өз мүмкіншіліктерін тиімді түрде жүзеге асыра алады. Оған қоса, Түркия НАТО-ға мүше мемлекеттер ішінде ұйымға тигізетін септігі жоғарғы көлемде болып отыр. Бұндағы Түркияның басты мақсаты – НАТО арқылы Орталық Азия мен Таяу Шығыс аймағындағы мәселелерді шешуде, өз экономикалық күшіне сай дауыстық мәртебеге ие болу. Бүгінгі күнде Түркия ОА елдері экономикасына донорлық қызмет атқаратын ірі мемлекет болып табылады. Сонымен бірге, Түркия ОА мемлекеттерінде экономикадағы тұрақтылық кепілін қамтамасыз етіп отырған ел. Осыған орай, 90 жылдардан бастап Түркия Еуразиялық кеңістік шеңберінде Орталық Азия аймағына қатысты өзінің жаңа бағытын жүзеге асыруға кірісе отырып, аймақтағы республикалармен өзара қатынасын дамыту мақсатында мынадай басымдықтарды алға қояды: Экономикалық ынтымақтастық пен табиғи ресурстарды игерудегі ынтымақтастық; Түбі бір түрік әлемімен өзара сенім мен түсіністікті тереңдетуге бағытталған саяси сұхбат; Әрбір республикада жекелей

қоғамның демократизациялауы мен тұрақтылығын, ядролық қаруды таратпауды бақылау (НАТО шеңберінде). Түркия өзінің ОА сыртқы саясатында қазіргі халықаралық қатынастарда төмендегідей сипаттарды белгілейді:

Біріншіден, әлем қауымдастығы ішіндегі тығыз қарым-қатынастардың күшеюі мен экономикалық жаһандануы. Яғни сыртқы сауда мен инвестициялардың ортақ нарығы, алыс қашықтықтар мен басқа себептерге қарамастан ақпарат, байланыс құралдарының дамуы әр түрлі мемлекеттер мен трансұлттық корпорациялардың өзара қатынасын жеңілдетеді. Е к і н ш і д е н , халықаралық жағдайға байланысты, Түркия нарықтық экономика мен демократия жолындағы ОА елдеріне техникалық, қаржылай көмек көрсетуге бағытталған. Үшіншіден, «жаһандық сипаттағы мәселелерге» тікелей қатысы бар, өйткені барлық жаһандық мәселелердің барлығын бір сипат біріктіреді: оның салдары бүкіл планетаға немесе белгілі бір территориясы ауқымды аймаққа тиеді және оларды шешу үшін ұлттық шекарадан шығатын халықаралық ынтымақтастық қажет. Ондай мәселелерге терроризм, ядролық қауіпсіздік, босқындар мәселесі, СПИД, есірткі, халықаралық қылмыс және т.б. Төртіншіден, қазіргі әлем қауымдастығындағы ұлттық фактордың, яғни өзінің белгілі бір ұлтқа тән болуы жөніндегі сана-сезімнің оянуы мәселесі (әсіресе КСРО ыдырағаннан кейінгі пайда болған тенденция). Дүние жүзінің әр түпкіріндегі аймақтық қақтығыстардың, әсіресе «қырғи-қабак» соғысынан кейін пайда болған қақтығыстардың барлығы ұлттық және діни себептердің салдарынан екендігі бәрімізге мәлім. Түркия үшін ол күрт мәселесі.

Осы сипаттарды негізге ала отырып қазіргі кезде Түркия өз сыртқы саясатын жүргізгенде азаматтарының бейбіт өмірі мен елінің гүлденуін міндетті түрде ескереді. Бұл бағытты ұстануда зор үлесін қосқан түрік Президенттері С. Демирел, Т. Озал және қазіргі Президент Т.Е. Ердоған.

Түркия мен Орталық Азия мемлекеттерінің қатынасында бірнеше нақты кезеңдерді атап көрсетуге болады. Екі жақты қатынастардың дамуы барысында кезеңдердің сипаттарының өзгеруі ең біріншіден Түркияның саяси басымдылықтарының өзгеруіне байланысты болды.

Бірінші кезең, Орталық Азия мемлекеттерінің өз тәуелсіздігін жариялауымен байланысты. Түркия үшін бұл өте қолайлы болды, өйткені ОА аймағында жетекші рөл орнына үміткер түрік елі үшін осынау потенциалды нарық аймағының

тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтап қала алу жағдайы аландатты. Ондағы кернеулік жағдай Түркияның сыртқы саясатына ықпал ететін, әсіресе қаржы институттарының қызметіне ықпал ететін фактор болып табылады. Сондықтан Түркия үкіметі өз елінің аймақпен болашақтағы қарым-қатынасына бұл аймаққа құйылатын келешек инвестициялық капиталдарға қауіп-қатердің тууын ескерді. Бірақ, аймаққа қатысты, Түркия өзінің сыртқы саяси ұстанымына сәйкес іс-әрекеттер жасады. Түркия аймақтағы интеграциялық үрдістерді жете бақылап отырады. Мәселен 1993 жылы 1 қаңтарда Орталық Азияның бес республикалары Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының (ОЭСР) жәрдемімен дамушы елдер қатарына қосылады. Бұл Орталық Азия мемлекеттеріне сырттан экономикалық көмек сұрауға жол ашты. Осы сәтті пайдаланып Түркия өзінің аймақтағы ықпалын күшейте бастады. Бұл Түркияның ОА елдермен негізгі байланыс формасы болып отыр. 90 жж. бастапқы кезеңдерінде Орталық Азия елдері үшін көмектің максималды көлемі 100 млн АҚШ долларына сәйкес келеді деп пайымдалған болса, кейін бірталай өзгешеліктер енгізілді. Мысалы, Қазақстан Республикасына Түркияның салған инвестициялары әр жылда өсіп отырды. Түркия аймақ республикаларындағы ішкі саяси жағдайға байланысты алдын-ала тексеру жұмыстарын жүргізіп отыруды естен шығарған емес. Нәтижесінде Орталық Азия мемлекеттері Түркия үкіметінен алған несиелер төмендегідей болды. Қазақстан – 690 млн шамасында, Өзбекстан – 450 млн, Қырғызстан – 240 млн, Түркменстан – 123 млн АҚШ доллары. Сөйтіп жалпы несие сомасы шамамен 1,5 млрд АҚШ долларын құрады (18).

Түркияның Орталық Азия елдерімен ара қатынасын әрі қарай дамуының екінші кезеңі көбіне аймақтағы қазба байлықтарды Түркияға экспорттаумен байланысты болды. Бұл үшін Түркия Қазақстан тарапынан Түркияға аса қызығушылық білдіруіне бірнеше мемлекеттік деңгейдегі іс-шараларды жүзеге асырды. Экономикалық қарым-қатынастарды жігерлендіру үшін Түркияның үкіметі 1994 жылы Қазақстан үшін сыртқы сауда операцияларын мелекеттік сақтандыру жүйесін енгізді. 1995 жылы Қазақстан үшін жеңілдік режимін орнатты, 1996 жылы Түркменстан мен Өзбекстанға да қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді сақтандыру жүйесі таратылды, ал 1997 жылы тамызда дәл солай Қырғызстан үшін де. Орталық Азия елдеріне қатысты сыртқы саясатындағы кейбір по-

зитивті жағдайларды бағалай отырып Түркия қатынастарын тереңдету мен кеңейтуді ұйғарды. Осылайша ОА Түркияның аймақтағы бірлескен корпорациялары пайда бола бастады. Бұл корпорациялар аса қажет ететін аймақтағы пайдалы қазбаларды игеруге бағытталған. Осыған орай Түркияның жетекші фирмалары мұнай өндіруші зауыттардың реконструкциялау жұмыстарына қатысты. Мысалы, Қазақстанда Атыраудағы мұнай өндіру саласында, Өзбекстандағы Бұхара, Ферғана, Түркменстанның Түркменбашы қаласындағы зауыты. Түркия компанияларының энергетикалық қайнар көздерді игеруде тікелей қатысуы оның сол ресурстарды өзінің ішкі нарығына пайдалануға мүдделі екендігін көрсетеді. Бұл мүдделілігінің бір себебі, Түркия өзінің одақтасы АҚШ сияқты Таяу Шығыстың мұнайының импортынан тәуелділігін бәсеңдету болып табылады. Өйткені Түркияның сол аймақтан экспортты 75% тең. Тағы бір себебі, Таяу Шығыстағы тұрақтылықтың жоқтығы.

Түркияның аймақтағы пайдалы қазбаларды игерудегі, тұрақтылық үшін жасалған іс-шаралар жөнінен белсенділігімен қатар экономиканың сауда-саттық саласы қарқынды дамып жатыр. Сауда-саттық байланысы халықаралық экономикалық ынтымақтастықтың кең тараған формасы болып есептелсе де, сауда-саттық қатынасы бар болғанмен, оның деңгейі экономиканың басқа салаларына қарағанда маңызды емес әрі өсу тенденциясы байқалмайды деген пікір де бар. Мысалы оған дәлел ретінде Қазақстан Республикасының сыртқы сауда айналымында Түркия төменгі орында.

Түркия мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы өзара қатынасында бұндай жағдайдың себебі не, немен байланысты? Біздің ойымызша, Түркия Орталық Азия аймағына мүдделілігіне басты фактор болып отырған бұл - аймақтың пайдалы қазбаларға бай екендігі. Бірақ Орталық Азия аймағындағы республикаларда сол пайдалы қазбаларды игеруге байланысты инфрақұрылымның дамымағандығынан, Түркия бірінші ретте сол салаға байланысты жобаларға өз инвестицияларын бағыттайды. Екіншіден, Анкара өзінің отандық өндірушілердің қызметін демеп отыру үшін Орталық Азия аймағы мемлекеттеріне бағытталатын көмек қаржылай емес техника мен арнайы жабдықтар ретінде көрсетіледі.

Үшіншіден, Түркия қарыз беру кезінде өз компанияларының қызметтері мен тауарларын бағасы қарыз ішіне кіретін міндетті түрдегі мүліктенуді қолданысқа енгізді, бұл өз алдына аймақтың мемлекеттерін Түркиямен қарым-

қатынасын алыстатып жіберді. Бұл Түркия мен Орталық Азия мемлекеттері арақатынасының екінші бір қыры болып есептелгенмен, аймақтағы әрбір республикасымен байланысын жекелей көрсету Орталық Азия аймағының бұл елмен байланысын одан да анық байқатады.

Түркия мемлекеті алғашқылардың бірі болып Орталық Азия мемлекеттерінің тәуелсіздігін мойындап, онда өзінің өкілетті елшіліктерін ашқан бірінші мемлекет. Орталық Азия мемлекеттері ішінде Түркияның дипломатиялық миссиясы ең алғаш Қазақстан Республикасында ашылды. Сондықтан біздің ел үшін Түркиямен қарым-қатынас айрықша орын алады. Түркияда Қазақстанмен қарым-қатынасының ерекше сипаты бар деген пікірді ұстанады. Сондықтан 1994 жылы Президент Н. Назарбаев Түркияға өзінің алғашқы сапарын жасаған болатын. Мемлекет басшыларымен кездесулердің нәтижесінде Бірлескен мәлімдемеге қол қойылды.

Ал, 1999 және 2015 жж. Н. Назарбаевтың Түркияға ресми сапарлары нәтижесінде маңызды құжаттар қабылданды. Бұл құжаттар Қазақстан Түркияның стратегиялық әріптесі ретінде сипатталады. Түркиямен қарым-қатынаста экономикалық ынтымақтастық алдыңғы қатарға шықты. Анкара Қазақстанның ірі кредиторына айналды. Қазақстанмен арасындағы экономикалық ынтымақтастық сауда, заем және экономикалық көмек сияқты үш бағыт бойынша жүзеге асырылуда. Түркия түрлі қорлардың желісі бойынша әлеуметтік-экономикалық дамуға арналған гранттар, жеңілдікті заем, кредиттер түріндегі қаржылық көмекті Қазақстанға бірнеше рет ұсынды. Мәселен, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі мен Түркияның арасында жалпы соммасы 220 млн. АҚШ долларына Қазақстанға несие беру туралы келісімге қол қойылған болатын.

Сонымен, Түрік мемлекетінің Қазақстандағы инвестициялық ынтымақтастықтың негізгі салалары мұнай-газ саласы, сондай-ақ металлургия, энергетика және инфрақұрылым болды. 1999 жылы наурызда Түркияның ұлттық мұнай корпорациясы мен «Қазақойл» ҰМК арасында негізгі келісімге қол қойылды, ол бойынша Каспий теңізінің солтүстік шығыс бөлігін зерттеуге 15 млн. АҚШ долларын бөлу көзделді (19). Орталық Азияның басқа да республикалары сияқты Қырғызстан да өз тәуелсіздігін жариялаған кезде, Түркия үкіметі бұған үлкен қолдаумен қарады. Сонау Кеңес Одағының кезінен бастап Түркия Қырғызстан Республикасына жәрдемдесуде белсенділік танытты. Қатынас орнатылған соң

бірден түрік орталығын ашып, қырғыз халқын түрік халқымен, оның мәдениетімен жақынырақ таныстыруға бағыттады. Түркияның қолдауымен Қырғызстан бұрынғы Кеңес Одағы елдерінің ішінен бірінші болып Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болды. Дегенмен де Анкара қырғыз елінің өз дамуында белгілі бір прогреске жеткенмен де, бұл бағытта одан да интенсивті дамиды деп үміттенеді. Бірақ нарықтық жолындағы жаңа тәуелсіз республикаға бар қиындықтарды аздаған шығынмен бастан кешіруге Түркия тарапынан қолғабыс болады деп сенеміз әсіресе, Қырғызстанның Түркия өкілеттілігінің ашылуына орай, жалғасты тығыз қарым-қатынас болады деген ойдамыз деген болатын Президент Т. Озал.

Жалпы Түркияның Орталық Азия мемлекеттерінің өзара қарым-қатынасында кедергі жасайтын бір жайт – Түркияның саяси топтардағы адамдардың аймақ жөнінде хабардар болғанымен, Түркия экономикалық топтарында, оның ішінде бизнесмендер мен іскер адамдар арасында Орталық Азия мемлекеттері жөнінде хабардың бұрмалауында. Тікелей Қырғызстанға келсек, 1999 жылы Баткент оқиғасы кезінде Өзбекстанның Исламдық қозғалыс экстремистерінің оқиғасы түрік халқын одан сайын дүрліктірді. Елдегі бұндай тұрақтылық түрік бизнесмендеріне Қырғыз мемлекетімен іскерлік жұмыстар жүргізуді қиындатады. Әрине, 2001 жылғы 11 қыркүйектегі жағдайдан кейін Ауғаныстан, Иракпен қатар Орталық Азияға деген қызығушылық бүкіл дүние жүзінде артты. Осындай геосаяси жағдайда Қырғызстан қалпы бірегейлі, өйткені мұнда антитеррористік коалиция күштерінің авиабазалары, оның ішінде АҚШ-тың (2009 жылға дейін сақталып келді), Ресей Кант қаласындағы ҰҚШҰ (ОДКБ) шеңберінде өз базаларын орналастырды. Сонымен қатар, Қырғызстан НАТО әскерімен бірлесіп әскери дайындықтар жүргізеді. Осыған орай Түркия үшін Қырғызстанның АҚШ, Ресей, Қытай сияқты күштер балансын қалай меңгеретінін бақылау өте қызықты. Бұл мәселені зерттеу Түркия үшін өзекті, өйткені бұл жағдай Қырғызстанның аталған мемлекеттермен байланысына ғана емес, бүкіл әлемдегі халықаралық қатынастарға әсерін тигізеді. Сондықтан Қырғызстанмен әріптестік Түркияның сыртқы саясатындағы басым бағыты болып табылады. 1992 жылы қаңтарда екі ел арасында дипломатиялық қатынастар орнағаннан бастап Түркия өзінің ресми көмек бағдарламасы шеңберінде Қырғызстанға да 296 млн. АҚШ доллары көлемінде көмек көрсетеді. Бішкекте Түркия-

ның түркі халықтары ынтымақтастық агенттігі мен Түрік орталығы жұмыс істеуде. Қырғыз-түрік екіжақты қатынастарына сараптама жасай келе, Қырғызстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін айтпай кетуге болмайды. Баткент оқиғасы кезінде болған жағдай Түркияның НАТО шеңберіндегі саясатын қайта қарауға мәжбүрледі. Бірақ Қырғызстан үкіметінің антитеррористік іс-шараларды іске асыруының нәтижесінде 2002 жылы сәуірде Түркия СІМ-і Қырғызстанды өзінің қауіпсіздік шкаласы бойынша түрік халқына қауіпті аймақ тізімінен алып тастайды (Баткент облысынан басқа). 1993 жылдан бастап Қырғызстан мен Түркия бірлесіп құрылған Қырғыз-түрік экономикалық ынтымақтастық жөніндегі комитеті жұмыс істейді. Онда көбінесе екі елдің өзара сауда-экономикалық байланыстары қарастырылады. Келешекте де Түрік үкіметі өзара қатынасты кеңейту мақсатында саяси сұхбатты тереңдетуге мүдделі.

1999 жылы Тәжікстанның Президенті Эмомали Рахмонов алғаш рет Түркияға келіп, оның осы бірінші сапарында кездесу барысында Түркия 20 млн. доллар көлемінде көмек беруге уәде берді. Тәжікстан елдегі қақтығыстардан кейінгі экономиканы қалпына келтіруге және қоғамда демократияны дамытуға бағытталған іс-әрекеттерге қолдау жасайтынына сенді. Осыған орай 2002 жылы көлемі 8 млн. доллар қайтарымсыз көмек көрсетілді. Бұл қаржы ең алдымен Президенттің экономикалық реформаларын жүзеге асыруға, кедейшілікпен күрес, мемлекеттің сыртқы қарыздарын төлеуге бағытталды. Бұған дейін 1993 жылдан бері бір кездері 30 млн. доллар, кейін 20 млн. доллар көмек қаржы бөлген еді. Және де Түркия тағы қаржы бөлуге дайын екендігін айтуда. Экономика саласы бойынша негізінен Түркия жұмыссыздық пен кедейшілікпен күресте, инфрақұрылымды көтеруге оны дамытуға атсалысады. Экономика саласынан басқа Түркия мен Тәжікстан позицияларының дәлмедәл келетін мәселесі – бұл Ауғаныстан мәселесі мен халықаралық терроризммен күрес. Екі мемлекет те Ауғаныстандағы АҚШ-тың қатысуымен болып жатқан өзгерістерді қолдайды. Тәжікстан Ауғаныстанмен шекаралас ел болғандықтан халықаралық антитеррористік ынтымақтастықтың тиімділігін арттыру мақсатында Түркия Ауғаныстанмен шекаралас барлық мемлекеттерге практикалық көмек жасауға мүдделі (НАТО шеңберінде). Сонымен қатар Түркия мен Тәжікстанның өзара байланысы құрылыс саласында және туризм саласында да жүзе-

ге асырылады. Түркия Тәжікстанмен гидроэнергетикалық ауданда да ынтымақтастық орнатуға мүдделі әрі табиғат байлықтарын игеруде Тәжікстан экономикасына түрік инвестицияларын тартуды көздейді. Тәжікстан мен Түркия арасында әлеуметтік, мәдени байланысы шеңберінде бірталай жетістіктер бар. Мысалы, мәдениет саласына Түркия 890 мың доллар қаржы бөлді. Тәжікстан үкіметінің «Тәжік Ұлттық консерваторияның музыкалық аспаптарын жақсарту» атты арнайы проект шеңберінде түрік үкіметі бөлек қаржы бөлген, ал тағы бір «Тәжікстан ұлттық мұражайындағы көрме мен экспонаттардың сақталуы» атты проект шеңберінде қосымша қаржы бөлінген.

Ал Өзбекстан мен Түркия мемлекет басшылары өзара ықпалдастық пен терең ынтымақтастықты қалыптастыруға қажеттілігін қолдауымен басталады. Осыған орай Өзбекстан басшылығы Халықаралық валюта қорының кейбір ұсыныстарына сын көзбен қарап, оған қоса әр түрлі халықаралық мәселелерде олар түрік позициясын қолдайды. 1997 жылдың өзінде шілде айындағы Т. Озал басшылығымен Орталық Азияға келген үлкен делегациямен кездесу кезінде Каримов мырзаның «мен аймақтағы Түрік мүдделерінің өкілі болуына әрқашан дайынмын» деген сөзі де түрік үкіметіне оң әсерін тигізді. Бірақ Өзбекстанға қатысты Түркияның инвестициялық саясаты Орталық Азияның кейбір елдерінен қарағанда жағдайы біраз төмендеу. Ол елде бизнес бастауға қиыншылық тудыратын мәселелер бар. Өйткені 2003 жылы Өзбекстан валютасы – сом конвертациясын жариялағанмен, кейбір шектеулер сақталған. Осының барлығы түрік бизнестің Өзбекстандағы дамуына мүмкіндік бермейді. Сондықтан экономикалық қатынастың басты бағыты қаржылай көмек көрсету болып табылады.

Түркияның Түркменстандық бағытында көбінесе мұнай мен газды өңдеу векторы қызықтырады. Бірақ Түркменстан Орталық Азия мемлекеттері ішіндегі Түркиямен қатынастағы ең бір пассивті мемлекет болып табылады. Қазақстан арқылы Европаға өтуге жоспарланып отырған НАБУКА жоспары Түркменстан газы түркмендік экономикасының дамуына үлкен үлес қосады деп жоспарлануда. Ол «Ғасыр жоспары» деп аталып жүр. Бұл жоба шеңберінде Түркия мен АҚШ айтарлықтай қаржы бөлді. Бірақ, бұл жоспар Ресей тарапынан қарсылық табуда. Ресей «Оңтүстік жол» атты өз жобасын жүзеге асыруға мүдделі. Бұл жоба РФ үшін стратегиялық маңызы бар. Украинаны айналып өтіп,

Европаның оңтүстігін ресейлік газбен қамтамасыз ету мақсатын жүзеге асырмақ.

Қорытынды

Орталық Азиядағы геосаясаттағы Түркияның ролі мәселесін қорытындылай түссек, Түрік мемлекеттінің ОА ролінің жылдан жылға артып келе жатқанын байқау қиын емес. ОА мемлекеттері Түркия сияқты ірі де тәжірибелі мемлекетпен халықаралық өзара байланысты дамытудың алғашқы да маңызды кезеңінен өтті: аса маңызды екіжақты және көпжақты келісімдерге, шарттарға қол қойылып, саяси, экономикалық, әскери-техникалық және мәдени байланыстарды дамытудың шарттық-құқықтық негізі қаланды. Сондықтан да ОА мен Түркия ынтымақтастығының болашағы көптеген факторларға байланысты болып отыр. ОА дамуының негізін айқындайтын жобаларды жүзеге асырудың комплексті шаралары барлық күш-жігерді біріктірудің және шарттық-құқықтық базаның тиімділігін арттырудың қажеттілігін тудырады. Жалпы, ОА бүгінгі таңда Түркиядан басқа АҚШ, Ресей, АТА, ҚХР сияқты мемлекеттермен саяси және экономикалық мүдделері ортақ, тоғысқан ірі аймақтық бірлестік болып табылады. Қазақстанның бастамасымен 25 жылдан бергі интеграциялық үрдістердің дамуы ОА мемлекеттерінің халықаралық қатынастардың негізгі акторларымен, оның ішінде Түркі республикасымен де өзара саяси-экономикалық тұрақтылықты орната алды. ОА мемлекеттері өздерінің тәуелсіз сыртқы саясатын қалыптастыру үстінде. Осы орайда оның Түркия мемлекетімен саяси-экономикалық маңыздылығы, халықаралық саясаттағы ортақ ұстанымдарға қол жеткізуі байқалады. Ал Түркияның ОА ықпал етуінің саяси-экономикалық күші басымырақ деуге болады. Өйткені, Түркия ОА мемлекеттерінің ірі сауда серіктесі болып табылады. Өзара ірі стратегиялық маңызды жобаларды айтпағанда, түрік нарығы және туризм бұл аймақтағы сұранысының күннен-күнге артуы да оларға қатысты дұрыс көзқарастардың тамырын қалыптастыруда. Әйтсе де, өзара сауда-экономикалық ынтымақтастық дамуын тежейтін факторлардың (түрік исламшылды-

ғы, сепаратизм мен халықаралық лаңкестік т.б. қолайсыздықтар) болуы барлық экономикалық потенциалды толығымен пайдалануға мүмкіндік бермей отыр. Сонда да ОА мемлекеттері мен Түркия арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық дамуының болашағы зор деуге әбден болады. Өйткені ол осы саладағы ынтымақтастықты дамытудың бүгінде бар көптеген басымдықтарымен ғана емес, сонымен бірге тараптардың алдында тұрған ынтымақтастық дамытудың ортақ тарихи мүмкіндігі мен бүгінгі заманның қатал талаптарымен тікелей байланысты. Екі жақты қарым-қатынастарының дамуында геоэкономикалық байланыстар маңызды орынға ие, сауда-экономикалық байланыстардың терең дамуы сол байланыстардың ең негізгі мазмұнына айналып отыр. Бұл да өз кезегінде достық байланыстарының сенімді кепілі болып табылады. Түркия ХХ ғасырдың басында өз тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін нарықтық экономикаға көшуге бел байлады. Ал нарықтық экономиканы ашық сипаттағы экономика деп атауға да болады. Ол тек ел ішінде ғана емес, шетел нарығына да бағытталуы тиіс. Кемал Ататүрк Түрік мемлекетінің нақты саяси-экономикалық жағдайларын, жан-жақты ашық сыртқы саяси стратегиясын айқындап берді. Қазіргі Түркияның сыртқы саяси-экономикалық стратегиясында алғашқы орында ЕО мен АҚШ бар екені белгілі. Десек те соңғы жылдары бұл вектордың Орталық Азияға ауысқанын байқау қиын емес. Сонымен, ОА геосаясаттағы Түркияның ролін сараптай келе негізгі басымдықтар мыналар: Түркияның ОА аймағына ену талпынысының саяси, экономикалық, гуманитарлық басымдық және өзара толықтыру басымдығы (экономикаларының бірін-бірі толықтыра алуы). Ұзақ мерзімді болашақ бағдарламасында Түркия өзінің сыртқы саясатын мейлінше кеңейту, әрі тұрақтандыру мақсатын ұстанатын болады. Сонымен бірге Түркия бейбітшілікті, халықаралық тұрақтылықты, тыныштықты сақтаудың жақтаушысы ретінде көрінуге ұмтылатыны анық. Жалпы, өзінің ұлттық мүддесін қорғауды басты мақсат тұтқан сан ғасырлық тарихы бар түрік дипломатиясы күрделі де көпденгейлі құбылыс болып табылады.

Әдебиеттер

- Назарбаев Н.Ә. (2003) Қазақстан-2030: Қазақстан халқына ел Президентінің Жолдауы. – Алматы: Юрист.
 Celik, Y. (1984) Contemporary Turkish Foreign Policy. – Praeger, Westport, Connecticut, London, 1999. Турция между Европой и Азией. – М., Крафт + ИВ РАН, 2001 и Hale W. The Political and Economic Development of Modern Turkey. – London.

- Yavuz, H. Political Islam and the Welfare (Refah) Party in Turkey// *Comparative Politics*. Oct 1997. Vol. 30. № 1. P. 61 – 68.
See also Ozen C. Neo-Functionalism and the change in the dynamics of Turkey-EU relations // *Perceptions*. – 1998. – Vol. III. – N.3 (November) // <http://www.sam.gov.tr/perceptions/Volume3/September-November1998/ozen.PDF>
- Vardan Ö. Turkey-EU relations and democracy in Turkey: problems and prospects// *Turkish Policy Quarterly*. Spring 2009. Vol. 8. No. 1. P. 49-57.
See also Bilgin P. Turkey & the EU: yesterday's answers to tomorrow's security problems?// *EU Civilian Crisis Management. Conflict Studies Research Centre*. May 2001. ISBN 1-903584-30-2. P. 38-51.
- Шахинлер М. (1998) Кемализм: зарождение, влияние, актуальность. – М.: Московский писатель.
- Кунаков В. (1999) Турция и ЕС: проблемы экономической интеграции // *Институт изучения Израиля и Ближнего Востока*. – М.
- Ульченко Н.Ю. (2004) Турция-ЕС: экономические аспекты партнерства // *Институт изучения Израиля и Ближнего Востока. Современный исламский Восток и страны Запада*. – М. – С. 86-101.
- Савельева А.В. (2003) Об отношениях Турции и ЕС // *Институт изучения Израиля и Ближнего Востока. Востоковедный сборник (выпуск пятый)*. – М. – С. 356-367.
- Chislett W. (2010) Turkey's EU Accession Reaches an Impasse// *Elcano Roal Instituto. Working paper 34/2009*. P 1-32. See also Risse T. *A Community of Europeans: transnational identities and public spheres*. – USA.: Cornell University Press.
- Касенов У. (1998) Безопасность в Центральной Азии глобальные, региональные и национальные проблемы. – Алматы: Университет Кайнар. – 280 с.
- Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде.
- Назарбаев Н.А. (2001) Эпицентр мира. – Астана: Елорда. – 294 с.
- Джеффри Сакс. «Цена цивилизации». – М.: Издательство Института Гайдара, 2012. – 58 с.
- Назарбаев принял зам премьер министра Турции URL: <http://www> // Источник: zakon.kz
- Қазақстан-Түркия және Кавказ елдері арасындағы қарым-қатынас URL: <http://www> // <http://mybiblioteka.su/5-8635.html>.
- Дата добавления: 2015-08-03
- Инвестиционная политика Турции. URL: <http://www> // <http://excluzival.ru/info/articles/-337/>

References

- Nazarbaev N.Ә. Қазақстан-2030: Қазақстан халқына ел Президентінің Zholdauy. - Алматы: Jurist, 2003.
- Celik, Y. *Contemporary Turkish Foreign Policy*. – Praeger., Westport, Connecticut, London, 1999. *Turcija mezhdu Evropoj i Aziej*. - M., Kraft + IV RAN, 2001 i Hale W. *The Political and Economic Development of Modern Turkey*. – London, 1984
- Yavuz, H. Political Islam and the Welfare (Refah) Party in Turkey// *Comparative Politics*. Oct 1997. Vol. 30. № 1. R. 61 – 68.
See also Ozen C. Neo-Functionalism and the change in the dynamics of Turkey-EU relations // *Perceptions*. – 1998. – Vol. III. – N.3 (November) // <http://www.sam.gov.tr/perceptions/Volume3/September-November1998/ozen.PDF>
- Vardan Ö. Turkey-EU relations and democracy in Turkey: problems and prospects// *Turkish Policy Quarterly*. Spring 2009. Vol. 8. No. 1. P. 49-57.
See also Bilgin P. Turkey & the EU: yesterday's answers to tomorrow's security problems?// *EU Civilian Crisis Management. Conflict Studies Research Centre*. May 2001. ISBN 1-903584-30-2. R. 38-51.
- Shahinler M. *Kemalizm: zarozhdenie, vlijanie, aktual'nost'*. - M.: Moskovskij pisatel', 1998.
- Kunakov V. *Turcija i ES: problemy jekonomicheskoy integracii*// *Institut izuchenija Izrailja i Blizhnego Vostoka*. M.: 1999.
- Ul'chenko N. Ju. *Turcija-ES: jekonomicheskie aspekty partnërstva*// *Institut izuchenija Izrailja i Blizhnego Vostoka. Sovremennyj islamskij Vostok i strany Zapada*. M., 2004. C. 86-101
- Savel'eva A.V. *Ob otnošenijah Turcii i ES*// *Institut izuchenija Izrailja i Blizhnego Vostoka. Vostokovednyj sbornik (vypusk pjatyj)*. M.: 2003. – s. 356-367
- Chislett W. Turkey's EU Accession Reaches an Impasse// *Elcano Roal Instituto. Working paper 34/2009*. P 1-32. See also Risse T. *A Community of Europeans: transnational identities and public spheres*. USA.: Cornell University Press. 2010.
- Kasenov U. *Bezopasnost' v Central'noj Azii global'nye, regional'nye i nacional'nye problemy*. – Алматы. Universitet Kajnar, 1998-280s.
- Nazarbaev N.Ә. Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде.
- Назарбаев Н.А. Эпицентр мира. – Астана: Елорда, 2001.- 294 с.
- Dzheffri Saks. «Цена цивилизации». Izdatel'stvo Instituta Gajdara, 2012. – 58 s.
- Назарбаев принял зам премьер министра Турции URL: <http://www> // Источник: zakon.kz
- Қазақстан-тыркия және Кавказ елдері арасындағы қарым-қатынас URL: <http://www> // <http://mybiblioteka.su/5-8635.html>. Data dobavlenija: 2015-08-03
- Investicionnaja politika Turcii. URL: <http://www> // <http://excluzival.ru/info/articles/-337/>